

КАСПИЙ БИОРЕСУРСТАРЫН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДЕН ҚОРҒАУ

Базаров.Б.К

Защитить Каспийские биологические ресурсы от экологических влияний и принять меры предотвращения загрязнений Каспийского моря от нефтяных отходов.

To protect the Caspian biological resources from ecological influences and to take measures of prevention of pollution of Caspian Sea from an oil waste.

XXI ғасыр бастамасы Қазақстан мемлекеті үшін өте маңызды, себебі табиғи ресурстарымол мемлекет ғаламдық ауқымда танымал болды.

Қазақстан геосаяси экономикалық тұрғыдан әлемдік көзқараста болуына байланысты, адам іс-әрекеті қыпалының күшеюі Каспий аумағы мен оның жағалауындағы елді мекендерге әсерін тигізіп, экологиялық жағдайының төмендеуіне соқтырып отырғаны белгілі.

Каспий теңізі ағын су шықпайтын көл- теңіз, айдыны-376 мың шаршы шақырым, мұхит деңгейінен - 27,9 м төмен орналасқан. Теңіз суының тұздылығы – 12,6-13,2 %.

Каспий теңізіндегі көмірсутегі шикізат қорының молдығын барлау мен оны өндірудің мемлекет үшін маңызы аз емес.

Қазір Каспий мұнайы бүкіл әлемді дүрліктіріп , шетелдік инвесторлар Қазақстаннан «Қара алтын » игеруге ұмтылуда.

Еуразия субконтинентінің орталығында тұрған Қазақстан Республикасы (272,5 млн-ға) жуық жер көлемі энергетикалық және басқада табиғи ресурстарының молдығы, ғаламдық және аймақтық нарықтарындағы табиғи байлықарды игері мен интеграциялық процесстер жүйесіне, бүгінгі күндері белсене араласуда.

Қазақстан мемлекеті егеменді елдігімізді нығайту үшін және еліміздің ұлттық қауіпсіздігімен тұрақты дамуын қамтамасыз ету барысында экономикалық өркендеу бағытын көздеу үстінде.

Қазіргі таңда экология ғылыми адам өміріндегі ең өзекті мәселелерді бүкіл адамзат алдына қойып отырған ғылымның бірі. Бұл адам, табиғат және қоғам арасындағы табиғи тепе-теңдікті сақтау ғылымының негізі болып тұрғаны белгілі.[3]

XX ғасырдың екінші жартысынан бері адамның табиғатқа деген әсерінің күшеюіне орай, табиғатты оңтайлы пайдаланудың ғылыми негі ретінде, экология ұғымы ерекше маңызға ие болды.

Ал қазіргі заманғы ғылымның экологиялануы ол қоршаған ортаның орасан зор ластануына байланысты, ластану бүгінгі еліміздің геосаясатының экономикалық бәсекелестігіне орай ғылыми техникалық прогрестің жылдан-жылға күшее түсуіне байланысты. Каспий жағалауынан көмірсутегі өнімдерін өндіру барысы экологиялық проблемалардың күрделілігін айқындай түсті. Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді «Қоршаған ортаны қорғау туралы», «Су, жер пайдалану» т.б. экологиялық проблемаларды айқындап. Адам іс-әрекетімен әсер ету ықпалының күшеюі қарқындап Каспий

аймағы мен оның жағалауындағы елді-мекендерге теріс әсерін тигізіп экологиялық проблемалар туындады.

Каспий теңізі жабық су қоймасы болғандықтан оның гидродинамикасы да күрделі екендігі ғылыми саласына белгілі, оның алдын алу барысында «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңын қабылдады. Заң негізінде «Егер қолайсыз экологиялық ахуал салдарынан халықтың денсаулығына елеулі нұқсан келтірсе немесе табиғи экологиялық жүйелер бұзылып, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі азып-тозса, экологиялық апат аймағы деп жарияланады» деген.

Қазақстан мемлекетінде қазіргі кезде экология ғылымының мақсаты айқындалып оның көптеген бағыттары дамып, экологиялық проблемаларды әлемдік деңгейде бірігіп шешу міндеті басты проблема болып отыр.

Каспий теңізін Биоэкология ғылымы зерттеп тірі организмдердің тіршілік ортасындағы өзгерістерін анықтап отырып адам іс-әрекетімен жасалынып жатқан теріс ықпалын шешу мақсаты мен көмірсутегі өнімдерін өндіру бағытындағы экономикалық қарқынын бәсеңдетпеу Каспий экологиялық тепе-теңдігін сақтау басты міндет.[2]

2006 жылы тамыздың 12-де Тегеран конвенциясында теңіз маңы елдері Қазақстан, Ресей, Әзербайжан, Иран, Түркменстан теңіз ортасын қорғау жобалары шешімін табуға қол қойған.

Каспий жағалауындағы 5 мемлекеттің мұнай-газ өндіру бағытындағы бәсекелестік, техникалық прогрестің қарқынды күшеюіне соқтырып Каспий теңізін ластануынан қорғау күрделі әлемдік мәселе болып отырғаны мәлім.

2010 жылы Астанада өтуі жоспарланған Тегеран конвенциясы тарапынан III- конференциясында шешімін тауып қол қойылған. Каспий теңізіндегі мәселелер өте күрделі оларды жағалаудағы 5 мемлекет бас қосып бірігіп онда қабылданған әр бір мемлекетке тиісті міндеттемелерді орындауы шарт болмақ.

Каспийдегі мұнай апаттары мен мұнай өнімдерінің төгінділерін және 15 жыл бойы атқылап жатқан гидрологиялық ұңғыларды тоқтату, лас өнімдерден суды тазалау ең бастысы Каспий теңізінің экологиясы мен судың тазалығына жауапты, үлкен міндеттемелерді Қазақстан бүгінде өз мойнына алып отыр.

Қазіргі уақыт Каспий мәселесі бойынша Ресей, Қазақстан ғалымдары теңіз суынан көптеген активті заттар мен уаыр металдар концентраттарының үлкен мөлшерде екенін көрсете білді. Өндіру мен тасымалдау барысында көмірсутек қалдықтарының қоршаған ортамен судағы тірі организмдерге ұлағыш әсерін тигізуде.

Каспий фаунасы мен флорасының зардап шегуіне жол бермеу барысында Каспий эпидемиясы мен экологиясын зерттеу 2008-2011 жылдарға бекітіліп, сауықтыру шаралары деген бағдарлама қабылданған. Каспий биоресурстарының негізін құрайтын- автохонды фауна, олар ежелден өмір сүріп келе жатқан Сармат бассейні жануарлары. Осы дәуірде Каспий теңізінде жануарлардың 1809 түрі кездеседі, олардың ішінде 1069 түрі еркін қозғалатын омыртқасыз жануарлар, 325 түрі паразиттерге жатады, ал 415 түрі омыртқалы жануарлар тобы болып тіршілік етеді. [4]

Каспий теңізінің фаунасы мен флорасын қорғауға еліміздің ғалымдары дәрменсіз екені белгілі. Соңғы 2004-2009 жылдар аралығында, Каспий итбалықтарының қырылуы және шеміршекті балықтардың ертедегі өкілдері:

бекіре, майшабақ шоқыр балық, сазан, табан балық, құстардың, ауруға шалдығып өлуіне жол беру салдары, Каспий теңізінің экожүйесіне антропогендік жүктеменің артуы теңіздің су айдынына әр түрлі улы заттектер, мұнай көмірсутектері, ауыр металдар, салынды заттектер, радионуклиттер едәуір мөлшерде ауа, су арқылы түсуінен байқалады. Каспий айналасындағы 5 мемлекет бас қосып теңіз мұнай-газ операцияларын жүзеге асыру үшін технологиялық және кадрлық базаларын жақсарту мен техникалық тұрақты даулары керек.

Каспий теңізі қойнауынан көмірсутегін өндіруге әлемдік тәжірибеге сүйенгендерімен Каспий жабық су қоймасы оның гидродинамикасы өте күрделі осыны ескере отырып Қазақстан мемлекеті үшін оның беймәлім тұстары әлде де көп.

Ғылыми зерттеу мақсатында ең басты мәселе Каспий теңізінің бүгінгі географиялық және физикалық қал-жағдайы.

Нарықтық экономикатізгінінде Каспий байлығына қызығып, теңіз тіршілігіне нұқсан келтірудің тарихта кешірілмейтін күнә екендігін ескерген дұрыс. Жағалаудағы 5 мемлекет Каспий экологиясы тұрғыдан бірде-бір қорытынды шығармай отырғаны белгілі, Каспий суының экологиялық апатқа ұшырауынан онда тіршілік иелері-биоресурстары сүтқоректілерден Каспий итбалығы қырылуда және асыл тұқымды бекіре тұқымдас балықтар мен құстар, өзге де сан-алуан жануарлар түрлері дертке ұшырап жойылып кету қауіпінде тұрғаны бүгінгі таңда белгілі.

2003 жылы Қазақстан Республикасының қоршаған орта саласындағы халықаралық конвенцияларға қосылуы еліміздің экологиялық қызметтің бүкіләлемдік процесіне қосылуына жәрдем беріп қана қоймай, қазіргі заманғы технологияларға, ақпараттық жүйелер мен қаржыландырудың көздеріне жол ашады.

Ратификацияланған халықаралық экологиялық конвенциялардың ең маңыздыларының бірі-биологиялық әртүрлілік туралы Конвенция.

Осы конвенцияға қосылудың Қазақстан үшін өзектілігіне байланысты, биологиялық әртүрліліктің жағдайын сипаттайтын деректері 2001 жылы Каспийлік майшабақтың апатты жойылуы тіркелді, онда 250 мың тн. аса, ол барлық Каспийлік балықты аулаудың жылдық мемлекеттік квотасының және теңіз қорларының 40%-на тең.

Соңғы он жылдың ішінде Каспийде планктон түрлік алуандығы екі есе қысқарды, зоопланктонның биомассасы 10 есе қысқарды, ал планктон балық шабақтарының негізгі қоректену объектілері. Ауланатын балықтың көлемі күрт төмендеп кетті, 2002 жылдың жарты жылдығындағы лимит 63492,9 тн. болғанның өзінде іс жүзіндегі ауланған балық көлемі 15712,6 тн. Жалпы лимиттің 25% ғана құрайды. [3]

Биоәртүрлілік туралы Конвенция нормалары биологиялық әртүрлілікті сақтау, деградацияға ұшыраған түрлерді қалпына келтірумен қатар, қазіргі заманғы биотехнологияның жетістіктерін пайдалану және адам денсаулығымен қоршаған ортаға тиетін зиянның алдын алу т.б. биологиялық әртүрлілікті сақтаумен пайдаланудағы құқықтары мен міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету мәселелерін реттейді.

Осы тұрғыдан Қазақстан мемлекеті әрекет етуші экологиялық заңнаманы қазіргі заманның саяси және әлеуметтік экономикалық талаптарына сай қайта қарастырып биоресурстарды дәстүрлі пайдалану мен жаңа биотехнология қолдану нормаларын енгізу жөніндегі ұлттық стратегия мен іс-қимыл жоспары әзірленуде.

Шетелдік инвесторларының түсінігі бойынша Қазақстан мемлекетінің экология заң жобасы бүгінгі күнге дейін дұрыс қаралып бекітілмеген және Қазақстан оларға тәуелді мемлекет, сондықтан олардың мұнай өндіру барысындағы заң бұзушылықтарына қарсы тұруына шарасыздық танытатынына кәміл сенімді.

Шетелдік компаниялары Каспий аймағы көмірсутегі қорына өте бай екендігін көздеп оны өндіруге құлшынып келеді.

Бүгінгі күні Каспий аумағындағы көмірсутегі өндіру компанияларының ықпалынан теңіз экожүйесіне қатты әсер етуі салдарынан теңіз су айдыны ластағыш заттектердің (мұнай көмірсутектері, салынды заттектер, радионуклидтер, ауыр металдар және т.б. улы қосындылар) мөлшері жылдан-жылға ұлғаюда.

Каспий теңізі батыс аймағы Қашаған маңында күкірт сутегі теңізден ауаға 70-80⁰С шамасында атқылап теңіз суымен қоршаған орта климатының өзгеруіне соқтырып отыр. Су түбіндегі ескі құбырлардан шығып жатқан улы мұнай-газ қалдықтары теңіз биоресурстарына қатты әсер етуде.

Каспий жағалауындағы бес мемлекеттің мұнай-газ өндіру оны тасымалдау және барлау, бұрғылау т.б. жұмыстарын іске асыру барысында теңіз суын ластап ондағы бағасыз тіршілік иелері құрып кету қауіпінде тұрған флора мен фауна түрлерін жойып алмасқа кім кепіл.

Тіршілігі жойылған теңіз суы өлі көлге айналса біздің ұрпағымыздың болашағы не болмақ?

Қазақстан Республикасының қорғау нормативтік заңнамасында биологиялық әртүрлілікті сақтау мен теңгермелі пайдаланудағы жергілікті тұрғындардың құқықтары мен міндеттері көзделмегендіктен болып отыр. Осы тұрғыдан экологиялық заңнаманы қазіргі заман саяси және әлеуметтік экономикалық талаптарына сай қайта қарастырған жөн.

Еліміздің ұлттық экологиялық доктринасында Қазақстан Республикасының статусы бойынша экологиялық саласы әлсіз ел деп сипатталады.

Әлемдік экология ғылымының нақты нысаны қазіргі қоршаған ортаның жай-күйі.

Өркениетті елдердің экономикалық дамуы нәтижесінде табиғаттың соншалықты тозып, жұқарып бара жатқандығын зерделеп, туындап отырған табиғи және антропогендік фактор сипатындағы проблемаларды байыптау мен биосфераны тұтас жүйе ретінде ала отырып адамзат өркениетінің қоршаған ортаға әсерінің деңгейін талдап анықтауға мақсат тұтып отыр. [1]

Облыстық экология департаменті, табиғи су ресурсы Каспий теңізі мен қоршаған ортаны қорғау мәселесімен қырғынға ұшырап жатқан Каспий биоресурстарын газет баспасы мен көгілдір телеэкрандарда және облыстық ғылыми конференцияларда жариялап келеді, бырақта осы күнге дейін Каспий экологиялық жағдайы өзгерген емес. Мысалға, Каспий итбалықтарының

жалпы саны 300-350 мыңға жуық, міне олардың өмір сүруіне шетел компанияларының өндіріп жатқан көмірсутегі (мұнай) қалдықтарынан ластану барысында теңіз суы итбалықтар мен құстарға, балықтарға т.б. таршылық жасап олардың топталып- топталып қырылуы жылдан жылға артып отырғаны белгілі. 2007-2009 жылдары Ақтау маңындағы Каспий жағалауында итбалықтардың топтап өлгенін тұрғындар өз көздерімен көрген және оларды баспалар мен көгілдір экранда жария етті.

Соңғы жылдары Каспий суына төгіліп жатқан мұнай-газ улы қалдықтары ондағы тіршілік иелері итбалықтар мен балықтарға, түрлі құстарға және жәндіктерге жалпы фаунасы мен флора түрлеріне тигізген қатты әсерінен жойылып кету қаупінде тұр.

Оның үстіне Каспий жаға белдемелеріне әртүрлі ғимараттарды салып табиғи тепе-теңдікті бұзуда. Теңіз аудандарының жаға белдеміне антропогендік әсердің нормадан артуы орасан зор қауіп туғызады, себебі, құрлықпен теңіз арасындағы атмосфера концентрациясының ұлғаюы байқалуда. (Қыстың кеш келуі, көктемнің кеш басталуы, қардың, жауын-шашынның мөлшерден аз түсіп, ызғарлы құрғақ желдің көп болуы құрғақшылыққа соқтырып отыр).

Каспий теңізі табиғи ресурстарын жаңа технология тәсілі мен тиімді пайдаланудың ғылыми негіздерін құрып, интеграциялық процестер жүйесіне белсене қатыса отырып за-ман талабына орай адам мекендейтін тіршілік ортасын қорғаудың практикалық проблемаларын қарастырған дұрыс. Қазіргі заманғы экономикалық прогрестің күшее түсу салдарынан қоғамдық дамудан пайда болағн экологиялық проблемалар жүйесі қоршаған ортаның ластануына, табиғи тепе-теңдіктің бұзылуына орай әлемдік дәрежедегі нормативке лайықты заңды іс-әрекет жасаған дұрыс. [5;6]

Әдебиеттер:

1. Каспийдің жалпы гидродинамикасын анықтау.
2. Каспий эпидемиясы мен экологиясын зерттеу ғылыми жұмыстарын жүргізу.
3. Каспий аймағындағы мұнай-газ операцияларын жүзеге асыру үшін технологиялық тұрақты даму мәселелерін шешу.
4. Теңіз суының ластану деңгейін зерттеу.
5. Теңіз биоресурстарының улану және сиреп кету жағдайын зерттеу.
6. Теңіздегі мұнай-газ операциялары мен оны тасымалдауын қадағалау.
7. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңын нығайту.
8. Жойылып кету қаупі бар флора мен фауна түрлерін қорғау.
9. Каспий аумағындағы тұрғындарға экологиялық білім беріп оларды іске жұмылдыру.
10. Биоәртүрлілікті сақтау саласында халықаралық техникалық, технологиялық, ақпараттық тәжірибені пайдалану.
11. Каспий теңізін мемлекет аралық маңызы бар қорғалатын табиғи аймақ деп белгіленген жөн.

Қорытынды:

Ғылыми мақалада Каспий жағалауындағы бес мемлекеттің мұнай-газ өндіру мақсатындағы әлемдік нарықтық экономика саласындағы бәсекелестігіне байланысты. Каспий су қоймасының ластану жағдайына ұшырауы, теңіз биоресурстарының тіршілік етуіне теріс ықпалын тигізуіне орай, түрлі шаралар мен қолданыстар бағыты қарастырылған.

Әдебиеттер:

1. А.Қ.Құсайынов Экология және Табиғат қорғау сөздігі Алматы «Мектеп» А.А.Қ-2002ж.
2. Ә.С.Бейсенова, Ж.Б.Шілдебаев, Г.З.Сауытбаева Экология (оқулық). Алматы «Ғылым»-2001ж.
3. М.Нығыметұллаев, Н.Жұмагүл. Маңғыстау экологиясы. Алматы «Нұрлы Әлем» -2008ж.
4. К.Н.Аманиязов. Каспийское море. Алматы «Қазақ университеті»-1999ж.
5. Маңғыстау газеті, 2009ж., сәуір, мамыр айы.
6. Ақтау Лада газеті, 2009ж., маусым айы.